

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 207 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 наурызда № 4490 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 438 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 18.01.2016 № 438 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 238-бабының 2-тармағын орындауда, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық бюджеті қаражаты есебінен қалалық жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын, азаматтық қызметшілердің төлемақы және ставкасын салыстыру жөнінде ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларын белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 163 "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларын белгілеу туралы" шешімінің (мемлекеттік тіркеу № 4278, "Айна" газетінде 2013 жылдың 7 қарашасында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс
сессия төрайымы
Аудандық
мәслихаттың хатшысы*

М. Тукпатуллина

Е. Аманжолов

КЕЛІСІЛДІ

"Қарабалық ауданы әкімдігінің
қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ И. Захария
"Қарабалық ауданы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік
мекемесі басшысының
міндетін атқарушы

_____ Г. Есенова